



Vědecko vydavatelské centrum «Sociosféra-CZ»
Bashkir State University, Institute of Economics, Finance and Business
Italian Research Institute for Political, Economic and Social Research Eurispes
The Ministry of Labour and Social Protection of the Republic of Bashkortostan
Faculty of Business Administration, University of Economics in Prague
State University named after Shakarim of Semey city
Penza State Technological University
New Bulgarian University

ACTUAL PROBLEMS OF LABOR RELATIONS IN THE REGIONAL SOCIO-HUMANITARIAN STUDIES

Materials of the international scientific conference
on February 5–6, 2015

Prague
2015

CONTENTS



I. LABOR POTENTIAL: FORMATION, DEVELOPMENT, USING

Вазирова Г. Р. Причины текучести кадров и их решение.....	7
Лукьянец С. В. Профессиональное обучение женщин, в период отпуска по уходу за ребенком при содействии службы занятости населения.....	8
Рыбкина М. В., Лисин К. В., Чернышев А. К. Инвестиции и рынок труда в Ульяновской области.....	10
Солина Е. Е., Кочетков А. А., Солодуха П. В. Роль государства в оптимизации предложения человеческого капитала ...	14

II. MIGRATION PROCESSES: FOREIGN AND DOMESTIC EXPERIENCE

Бормотова Т. М. Специфика принципов миграционной политики в странах Европейского Сообщества и США.....	25
Дмитриева Н. А., Михайлова А. В. Миграционное поведение населения Республики Саха (Якутия)	28
Идрышева Ж. К., Кульбаева А. Т., Балаубаева Б. М. Орталык Азиядағы көші-көн үдерісі.....	30
Паламарчук А. В. Факторы трудовой миграции медицинских работников	36

III. HUMAN RESOURCE MANAGEMENT ORGANIZATION

Богатырева М. Р., Абдрахманов Ф. Ф. Роль менеджера по персоналу в организации	39
Зиганшина Л. И. Основные компоненты управления персоналом в крупной компании (на примере ООО «Башкирская Генерирующая компания»)	41

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСІ

Ж. К. Идрышева,
А. Т. Кульбаева,
Б. М. Балаубаева

*Тарих ғылымдарының кандидаты,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан*

Summary. Migration is an important part of economy of Central Asian states and other post-soviet countries. The regulation of migration processes is a key priority in policy of Central Asia countries. The region's countries and international organizations have to work closely in order to solve the migration issues.

Keywords: migration; Central Asia; migration processes; illegal migration.

Көші-қон адамзат қауымы эволюциясының тарихи кезеңдерін көрсететін тынымсыз үдеріс болып табылады. Бүгіндегі халық көші-қонының басты ынталандырушы факторы ретінде өзінің экономикалық жағдайын арттыруға бағытталған талпыныстарды айта аламыз. Халықаралық эксперттердің пікірінше, бүгінде тек заңды мигранттардың үлесі әлемде 200 млн.-ға жетіп жығылады [1, с. 5]. Адамдардың трансшекаралық жылжуының себептері көпсалалы әрі күрделі. Оның ішіндегі ең маңыздылары кедейшілік, соғыс, аштық болып табылады [2]. Жекелеген адамдар мен бүкіл қоғамның көші-қоны өркениет дамуының маңызды сипаты болып табылады. Олар қоғамның жаңа өңін қалыптастырады. Мемлекеттердің құрылуы, ыдырауы, трансформациясы кезеңінде көші-қон әрқашанда маңызды рөл атқарған. Бір дәуірлерде ол мардымсыз болса, екінші бір дәуірде өркениет өзгерісінің негізгі көрсеткіші болған. Адамзат тарихында бұл құбылыстың рөлі өте зор.

XX ғасыр барысында көші-қон толқындарының кеңейгендігін байқаймыз. Ал XXI ғасырда ол жаһандық өзгерістердің негізгі құраушына айналды. Жаһандану үдерісі көші-қонның дамуына жаңа қарқын, жаңа серпіліс берді. Бұл оған басқа көзбен қарауға жол ашты. Трансшекаралық көші-қон мәселесі әлемдік қауымдастықтың ерекше назарында. Халықаралық экстремизм мен лаңкестіктің күшеюі салдарынан көші-қонның, әсіресе оның заңсыз түрі ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл күнделікті тіршіліктің әлеуметтік-экономикалық, саяси астарларынан көрініс береді. Көлеңкелі экономиканың бөлшегі бола тұра заңсыз еңбек мигранттары қабылдаушы мемлекеттің орнатқан салық жүйесінен тыс қалып қояды. Мұндай жағдай бюджетке теріс әсер етіп, жергілікті тұрғындарға бәсекелестік алғышартын туындатады. Салдарлары ұлттық еңбек нарығында шиеленістің пайда болуына әкеліп соғады. Көбіне жырақта қызметке орналаса алмаған тұлғалар түрлі қылмыстық топтарға

тартылуы мүмкін. Ал қылмыстық топтардың негізгі қызмет аясы есірткі, қару саудасы, контрабанда екендігі айтпаса да түсінікті. Бұның нәтижесі – өскелең ұрпақтың тартылуында жатыр. Ұйымдасқан қылмыстық топтар адам саудасымен айналысады. Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтар жыл сайын адам саудасынан шамамен 8 млрд. \$ пайда табады [1, с. 6]. Әлеуметтік «баспалдақтың» төменгі сатыларында тұрып заңсыз мигранттар радикалды ниеттегі экстремистік топтардың тұзағына оңай түседі.

Көші-қон Орталық Азия мемлекеттері және бүкіл посткеңестік кеңестік мемлекеттері экономикасының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Жаһандану үдерістерінің тереңдеуі, аймақтық ынтымақтастық пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің бірден-бір құралы ретіндегі интеграция Орталық Азия мемлекеттеріне тығыз қарым-қатынасты дамытуды талап етеді. Сондықтан құқықтық-келісімдік негізді жетілдіру арқылы тиісті органдар жұмысын жандандыру қажет. Орталық Азия аймағындағы бес мемлекет үшін көші-қон үдерісін реттеу ылғи да актуалды мәселелердің бірі қатарынан көрініс береді. Тұтас тарих пен мәдениеттің мәдени байланысы, дәстүр ортақтығы, өзара араласуда тілдік «көздерінің» болмауы азаматтардың белсенді түрде қоныс аударуына жағдай жасайды. Орталық Азия мемлекеттерімен қабылданған құжаттар еліміз аз емес, олар көші-қон, еңбек етуші мигранттар, заңсыз көші-қонға артық қарсы тұру сияқты салаларды қамтиды.

Көші-қон мен оны тұрақтандыру проблемалары әлемдегі қызу саяси тартыстардың негізгі тақырыбына айнала отырып, аталған мәселені шешу қажеттілігін туындатты. Көші-қонның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және саяси салаларында маңыздылығын Орталық Азия мемлекеттері мысалында анық көруге болады.

Ежелден бері Орталық Азия аумағы түрлі этникалық топтардың «көштері» қоныстанған аймақ болып табылады. Патшалық Ресей, әсіресе, Кеңестер Олағы тұсындағы белсенді миграциялық үдерістер аймақтың этникалық көптүрлілігін одан әрі арттырғаны сөзсіз.

1991 жылға дейін Орталық Азия бұрынғы КСРО шеңберінде саяси әрі экономикалық тұрғыда тәуелді еді. Халықтың көші-қоны орталықпен жіті бақыланатын. Осылайша қозғалыс еркіндігі шектеулі еді. Мұндай үдеріс өз кезегінде көші-қонға әсерін тигізбей қоймады.

КСРО ыдырағаннан кейінгі жағдай халықтың жаппай көшіп-қонуы саяси әрі әлеуметтік өзгерістермен сипатталатын. Көші-қон жаңа пайда болған тәуелсіз мемлекеттер арасында болумен қатар, сол мемлекеттер ішінде де орын алды. Нақты статистикалық мәліметтер бойынша, төңкерістен кейінгі жылдардың басында қоныс аударушылар саны 9 млн.-ға жетіп жығылған екен. Бұл дегеніміз екінші дүниежүзілік соғыстан кейін орын алған ең ірі көш [4]. Мәселен этникалық немістердің Германияға оралуы 1993, 1994, 1995 жылдың әрқайсысында 200, 000 адамды құраған

[5]. 1989–1999 жылдар аралығында 250, 000 қырымдық татарлар Украинаға оралса, 3,1 млн. орыстар мен 300,000 украиндықтар сәйкесінше Ресей Федерациясы мен Украинаға қоныс тепкен [6]. Экономикалық жағдайдың аймақтағы қиындығы салдарынан туындаған көші-қон кесірінен Орталық Азия «ақыл ағымын» (утечка умов) басынан кешірді. Аралық кезеңге тән ерекшелік – бұрындары күштеп әкелінген этникалық топтардың (әсіресе қырымдық татарлар мен мешхитиндік түріктердің) және этникалық қазақтар мен қырғыздардың тарихи отанына қайта оралуы болып табылады. Әкімшілік аумақтар Орталық Азияның нағыз этникалық шекарасымен үйлеспейтін. КСРО ыдырағаннан кейін пайда болған жаңа мемлекеттер арасында шекара мәселесі толығымен демаркацияланған жоқ әрі келіссөздер үдерісі жалғасуда. Мәселен Өзбекстан мен Қырғызстан арасында талқыланып жатқан 100-ге жуық мәселе бар. Әрі қырғыз-тәжік шекарасы маңында өрбіп отырған проблема жөнінде әзірге қандай да бір ымыра жоқ.

Этникааралық қақтығыстар, саяси тұрақсыздық, әлеуметтік және экономикалық салалардағы қиындықтар қоныс аударудың негізгі себептері болып табылады. Бұрындары аймақ мемлекеттерінің көші-қонды реттеу саласында тәжірибесі жоқ болғандықтан, мұндай көші-қон олардың жаңа пайда болғандығын ескерсек, олар үшін айтарлықтай сынақ еді.

Халық санының төмендеуін қысқартып, ұлттық бірегейлікті арттырып, тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі этникалық қазақтарды (оралман) тарихи отанына қайтару жөніндегі бағдарламаны бекітті. Сондай-ақ көршілес Қырғызстан да этникалық қырғыздарды (қайрылман) Орталық Азияның өзге мемлекеттерінен, Қытай, Монғолия, Түркиядан қайтару шараларын жүргізген болатын. Ресми мәліметтерге жүгінсек, 1990 жылдан бастап Қазақстанға 464, 000 адам оралған екен [7, p. 16].

Ферғана жазығы Орталық Азия аумағының «ыстық ошағы» саналады. Мұндағы жағдай саяси тұрақсыздық, су мен энергия көздеріне талас пен этникааралық шиеленіс шартымен ушығып тұр. Ферғана жазығы Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан шекараларының тоғысқан нүктесінде орналасқан. Халқының саны 11 млн. (ОА жалпы халқының 20%-ын құрайды) болуымен қатар, этникалық жағынан алуан түрлі. Жазықтың өзбекстандық бөлігінде 1989 жылдың маусымында орын алған этникааралық шиеленіс нәтижесінде 90, 000 мешхитиндіктер ТМД-ның өзге аймақтарына, әсіресе, Әзірбайжанға көшіп кеткен болатын [8].

Ал Тәжікстанда болған азаматтық соғыс нәтижесінде 1992 жылдың мамырында ел аумағы бойынша 600, 000 адам көшіп-қонса, 60, 000 босқын Ауғанстанға, тағы 10, 000 босқын Қырғызстан, Түркменстан, Өзбекстан және ТМД өзге елдеріне қоныс аударуға мәжбүр болды [9]. Дегенмен 1995 жылға қарай Ауғанстанға қоныс тепкен босқындар өз еліне қайта оралды. Алайда Тәжікстандағы экономикалық жағдайдың ауырлығы себептен

көптеген тәжікстандықтар еңбек көші-қонына араласты. Сондай-ақ, 1999–2000 жылдардағы Баткенде болған оқиғалар халықтың жаппай көшуінің себепшісі болғаны анық.

Жаңа пайда болған нарық, экономикалық ынталандырулар мемлекет іші мен аймақ арасында жылжуға жағдай қалыптастырды. Оның үстіне географиялық тұрғыда жақындық, салыстырмалы түрде арзан саяхат, аяқадан еркін жүйелер мен тарихи-тілдік ортақтық Орталық Азия шеңберіндегі қозғалысты арттыра түсті.

Еңбек мигранттарының негізгі жету орталығы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы болып табылады. ҚР еңбек мигранттарын қабылдау көрсеткіші бойынша 2010 жылғы мәліметтерге жүгінсек, дүние жүзінде 15-ші орынды иеленеді. РФ болса АҚШ-тан кейінгі 2-ші орында тұр [10]. Бір ғана 2009 жылдың ішінде Ресей Қазақстан, Өзбекстан, Армения, Тәжікстан және Әзірбайжан шамамен 17,4 млн. мигранттарды қабылдапты [11]. Көршілес Қазақстан Республикасы – Ресей Федерациясы шекарасы көлемі жағынан әлемдегі мигранттар өтетін 6-шы үлкен «дәліз» болып табылады, 2010 жылы «дәлізден» 2,6 млн. мигрант өткен екен. Мигранттар аймақ экономикасына айтарлықтай үлес қосады. Мәселен Тәжікстан мен Қырғызстан мигранттарының Отанына бағыттайтын капитал жері осы елдердің ЖІӨ-нен асып түскен. Аталған екі елге сәйкесінше 35 % және 15 %-дан тиесілі [12]. Сондықтан олар сырттан келетін қаржы айналымдарына тәуелді. Аймақтың ең ірі мигрант қабылдаушылары – Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында заңды түрде тіркелмеген мигранттардың саны заңды түрде тіркелгендерінен бірнеше есе артық. Халықаралық Еңбек Ұйымы мәліметтеріне сүйенсек, Ресейдегі тәжікстандық мигранттардың заңды түрде тіркелгендерінің саны 16, 800 болса, тіркелмегендері 600, 000-нан асып түскен. Сол сияқты Өзбекстан да шет елдерде заңды түрде тіркелген мигранттар санын 16, 100 деп берсе, тіркелмегендері одан әлдеқайда артық [13].

Халықтың қоныс аударуына себепші болатындардың қатарында табиғи апат салдарлары да бар. Мәселен ресми санаққа жүгінсек, ОА тұрғындарының табиғи апаттар не қолайсыз жағдайлардан зардап шеккендер саны 5,5 млн. адамға жетіпті [14].

Орталық Азия мемлекеттері ауғанстан, шешен, Қытайдан босқын ретінде келген ұйғыр ұлтына баспана болып отыр. Сондай-ақ Иран мен Ирак мемлекеттерінен келген босқындар да баршылық. Босқындар саны 10, 000-нан асып жығылады. Оларды қабылдаушы ірі мемлекет Қазақстан мен Тәжікстан, мұнда сәйкесінше 4,340 және 2,679 босқын бар [15]. Өзбекстанда 2005 жылы орын алған Әндіжан оқиғалары мен Қырғызстанның оңтүстігінде 2010 жылдың маусымында болған қақтығыстар жаппай көші-қон ағымдарының бірден-бір себепшісі. Дегенмен Қырғызстан 1993 жылдан бастап Тәжікстан мен Ауғанстаннан бағытталған негізгі босқын қабылдаушы мемлекетке айналды.

Босқындарды қоғамға бейімдеу мәселелерімен БҰҰ ЖКББ, ХМҰ айналысқан болатын [3, с. 379].

Сонымен Орталық Азиядағы көші-қон үдерісі жаңадан пайда болған мәселе емес екендігін аңғаруға болады. Орта ғасырларда өңір тайпалардың негізгі «қазандығына» айналғандықтан, ұлттардың қалыптасуы осында жүрді. Қазіргі таңдағы аймақтың көпұлттылығын кеңестік саясаттың салдарларымен түсіндіруге болады, ал жаһандану заманына аяқ басқан соң, көші-қонның жаңа проблемаларымен бетпе-бет келді. Орталық Азиядағы көші-қон мәселесі демографиялық тенденциялар мен аймақтың өтпелі кезеңде дамуымен тікелей байланысты. Сондықтан қазіргі таңда трансшекаралық көші-қонның теріс салдарын барынша төмендетіп, мемлекеттің назарын оның оң жағына аударған жөн. Өкінішке орай әлемнің бір де бір елі мемлекеттің көші-қонын реттеудің нақты құралын таба алған жоқ.

Заңсыз көші-қон әлемнің барлық аймақтарына тән үдеріс және қауіпсіздікті қамтамасыз етуде негізгі қатердің бірі болғандықтан Орталық Азия да осы үдерістен тыс емес. Бұл салада мемлекеттер арасында өзара келісілген саясат жүргізу маңызды болып табылады.

Орталық Азия мемлекеттері кезінде «бір шаруашылық жүйесіне» еніп, «социалистік экономиканың» құрауышы болғандығына қарамастан, бүгінде аймақ шеңберінде ортақ еңбек нарығы жоқтың қасы. Біртұтас еңбек нарығын дамыту Орталық Азия мемлекеттері саяси қайраткерлерінің алдында тұрған ірі тапсырма. Ұлттық заңнаманы тәжірибеге сәйкестендіру, халықаралық ынтымақтастықты арттыру: екіжақты және көпжақты келісімдерге қол қою – көші-қон толқындарын реттеудің алғашқы қадамдары болып табылады. Жаһандық сипаттағы әрі негативті салдарлары басым көші-қон саласының дұрыс шешімін табуы үшін мүдделі тараптар, яғни аймақ мемлекеттері мен халықаралық ұйымдар бірлесе отырып күш жұмылдыруы қажет.

Библиографический список

1. Миграция в Центральной Азии: проблемы и перспективы : материал международной конференции 30 ноября 2004 г. Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента РК, Представительство Фонда им. Фридриха Эберта в Казахстане. – Алматы : Дайк-Пресс, 2005. – 122 с.
2. Деловарова Л. Ф. Миграционные процессы в современных международных отношениях и проблемы региональной безопасности в Центральной Азии // Вестник КазНУ, Серия международных отношений и международного права. – 2011. – № 1–2. – С. 51–52.
3. Элебаева А. Современные миграционные процессы в Кыргызстане. Постсоветские трансформации: отражение в миграциях / под ред. Ж. А. Зайончковской и Г. С. Витковской / Центр миграционных исследований, институт народнохозяйственного прогнозирования РАН. – М.: ИТ «АдамантЪ». – 2009. – 411 с.

4. Commission on Human Security; Final Report – Human Security Now, Chapter 3: People on the Move. – New York, – 2003. URL: www.humansecurity-chs.org/finalreport/English/FinalReport.pdf.
5. Federal Ministry of the Interior (Germany); Migration and Integration: Residence Law and Policy on Migration and Integration in Germany. – Berlin, April, 2008.
6. UNHCR. The State of The World's Refugees 2000, Chapter 8: Displacement in the former Soviet region. – Oxford University Press, – January, – 2000. URL: <http://www.unhcr.org/3ebf9bb30.html>.
7. Kristina Zitnanova, UNHCR Consultant, Refugee Protection and Migration Dynamics in Central Asia. URL: <http://www.unhcr.org/4ddfb8459.html>.
8. Ayscül Aydingün, Çıgdem Balım Harding, Hoover Matthew, Kuznetsov Igor, and Swerdlow Steve; Meskhetian Turks: An Introduction to their History, Culture and Resettlement Experiences. Washington : Center for Applied Linguistics, 2006. URL: <http://www.cal.org/co/pdf/files/mturks.pdf>.
9. UNHCR. UNHCR Global Appeal 1999. – Regional Overview: Central Asia, December, 1998.
10. Migration and Remittances Factbook 2011, Development Prospects Group. – WorldBank, UNDP2009. URL: <http://siteresources.worldbank.org/INTPROSPECTS/Resources/334934-1199807908806/Top10.pdf>.
11. IOM. World Migration Report 2010. The Future of Migration: Building Capacities for Change. p 190.
12. Migration and Remittances Factbook 2011, Development Prospects Group, World Bank, UNDP, 2009. URL: <http://siteresources.worldbank.org/INTPROSPECTS/Resources/3349341199807908806/Top10.pdf>.
13. Mansoor, Ali; Quillin, Bryce; Migration and Remittances: Eastern Europe and the Former Soviet Union. – World Bank, 2006, – P. 104.
14. European Commission Humanitarian Aid Office Disaster Preparedness Programme (DUPECHO), Central Asia. URL: <http://www.reliefweb.int/rw/rwb.ns/db900SID/SNAO-ZEJRF?OpenDocument>
15. Refugees in Central Asia. URL: // <http://www.unhcr.org/pages/49e45afd6.html#>.